ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛАР
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ИНФОРМАЦИИ И
КОММУНИКАЦИЙ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

12.10.2016 № 195

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

город Астана

**«Ашық үкіметті»**
**енгізу жөніндегі 2016 жылға арналған жұмыс**
**жоспарын бекіту туралы**

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 2016 жылғы 24 мамырдағы № 17-43/05-1426 тапсырмасының 1.3-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Ашық үкіметті» енгізу жөніндегі 2016 жылға арналған жұмыс жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жауапты құрылымдық бөлімшелер Жоспарда көрсетілген іс-шаралардың уақтылы орындалуы бойынша шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

**Қазақстан Республикасының**
**Ақпарат және коммуникациялар**
**министрі** **Д. Абаев**

000988

*Қазақстан Республикасы*
*Ақпарат және коммуникациялар*
*министрінің 2016 жылғы «12» 10*
*№ 195*
*бұйрығына қосымша*

**«Ашық үкіметті» енгізу жөніндегі 2016 жылға арналған**
**жұмыс жоспары**

| р/с № | Іс-шаралардың атауы | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | **Әдістемелік жұмыс** | | | |
| 1. | Мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес басшылығымен орталық мемлекеттік органдарда және жергілікті атқарушы органдарда «Ашық үкіметті» енгізу мәселелері жөніндегі ведомстволық жұмыс топтарын құру | Қараша | ОМО, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Жұмыс топтарының құрамдарын мемлекеттік органдардың ведомстволық интернет-ресурстарында жариялау |
| 2. | «Ашық үкіметті» енгізу жөніндегі ведомстволық жұмыс жоспарларын бекіту | Қараша | ОМО, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | ҚР АКМ ақпаратты бір мезгілде жолдай отырып, ведомстволық интернет-ресурстарға жоспарларды жариялау |
| 3. | «Ашық үкіметтің» қағидаттары мен механизмдерін енгізу мәселелері | Қараша | ҚР АКМ | Жоспарды барлық мемлекеттік органдарға бір мезгілде жібере отырып, интернет- |

| р/с № | Іс-шаралардың атауы | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | бойынша мемлекеттік органдар үшін оқыту семинарларының күнтізбелік жоспарын бекіту | | | ресурсында жариялау |
| 4. | «Ашық үкіметті» енгізу жөніндегі ведомстволық жұмыс жоспарларын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың есептерін тыңдаудың күнтізбелік жоспарын бекіту | Қараша | ҚР АКМ | Жоспарды барлық мемлекеттік органдарға бір мезгілде жібере отырып, интернет-ресурсында жариялау |
| 5. | «Ашық үкіметтің» қағидаттары мен механизмдерін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу | Қараша | ҚР АКМ | Интернет-ресурста әдістемелік ұсынымдарды жариялау |
| 6. | Есептілік нысандарын әзірлеу және мемлекеттік органдарға жолдау | Қараша | ҚР АКМ | Есептілік нысандарын барлық мемлекеттік органдарға бір мезгілде жібере отырып, интернет-ресурсында жариялау |
| 7. | ҚР АКМ және Алматы қ. әкімдігінің базасында «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңын іске асыру бойынша модельдік алаңдарды жасау | Қараша | ҚР АКМ, Алматы қ. әкімдігі | «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңының шараларын іске асыру бойынша тәжірибені мемлекеттік органдарға ұсыну |
| 8. | Өңірлерде ақпаратқа қол жеткізу бойынша және жекелеген ақпарат иеленушілері бойынша базалық индикаторларды өлшеу әдіснамасын әзірлеу | Қараша | ҚР АКМ, ОМО және ЖАО | Интернет-ресурста әдістемелік ұсыныстарды жариялау |
| **Ұйымдастыру-техникалық жұмыс** | | | | |
| 9. | Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның отырыстарын өткізу | Қараша | ҚР АКМ | Интернет-ресурста комиссияның ұсынымдарын жариялау |
| 10. | Ақпаратқа қол жеткізу туралы | Үнемі | ҚР АКМ, | Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі |

| р/с № | Іс-шаралардың атауы | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | заңнаманың бұзылуына азаматтардың өтініштері туралы ақпаратты жинау және талдау жолымен құқық қолдану тәжірибесінің мониторингін ұйымдастыру | | серіктестік ҮЕҰ (келісім бойынша) | комиссияның отырыстарында қарау үшін жиынтық ақпарат |
| 11. | ҮЕҰ бірлесе отырып, өңірлерде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңын іске асыру мәселелері бойынша аймақтық тренингтерді өткізу | Қараша | ҚР АКМ, серіктестік ҮЕҰ (келісім бойынша) | Интернет-ресурста өткізілген тренингтердің қорытындыларын жариялау |
| 12. | ҚР АКМ-дегі модельдік алаң базасында «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңын іске асыру мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдар үшін оқыту семинарларын өткізу | Қараша (күнтізбелік жоспарға сәйкес) | ҚР АКМ, ОМО | Интернет-ресурста өткізілген оқыту семинарларының қорытындыларын жариялау |
| 13. | Алматы қаласының әкімдігіндегі модельдік алаң базасында «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңын іске асыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар үшін бейнеконференцбайланыс арқылы оқыту семинарларын өткізу | Қараша (күнтізбелік жоспарға сәйкес) | ҚР АКМ, Алматы және Астана қ. , облыстардың әкімдіктері | Интернет-ресурста өткізілген оқыту семинарларының қорытындыларын жариялау |
| 14. | «Ашық деректер» порталында ашық деректерді орналастыру | Ашық деректер, бекітілген бұйрықтар мен қаулылар тізбесін өзектендіру | Мемлекеттік органдар | «Ашық деректер» порталында орналастырылған деректер |

| р/с № | Іс-шаралардың атауы | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | кезеңіне сәйкес | | |
| 15. | Ақпаратты: ашық бюджеттерді, ашық нормативтік құқықтық актілерді интернет-порталдарында орналастыру | Жыл ішінде | Мемлекеттік органдар | «Ашық НҚА» және «ашық бюджеттер» порталдарында орналастырылған ақпарат |
| 16. | Ашық деректер негізінде қосымшаларды әзірлеу бойынша хакатон және онлайн-конкурс өткізу | Қараша | ҚР АКМ, «ҰАТ» АҚ | Әзірленген қосымшалар |
| 17. | Халықаралық ұйымдармен бірлесіп, ашық деректер бойынша семинар өткізу | Жыл ішінде | ҚР АКМ, «ҰАТ» АҚ | Өткізілген семинарлардың қорытындыларын интернет-ресурста жариялау |
| 18. | «Ашық үкіметті» енгізу жөніндегі кіші жұмыс тобының отырыстарында «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңын іске асыру жөніндегі ведомстволық жоспарларды іске асыру қорытындылары бойынша орталық мемлекеттік органдардың есептерін тыңдау | Қараша (күнтізбелік жоспарға сәйкес) | ОМО және ЖАО | Интернет-ресурста кіші жұмыс тобы мен серіктестік ҮЕҰ мүшелерінің ұсыныстарын жариялау |
| 19. | «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру бойынша ведомстволық жоспарлардың есептерін дайындау және жариялау | Желтоқсан | ОМО және ЖАО | Ведомстволық интернет-ресурстарында есептерді жариялау |
| 20. | «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың есептерін жинау және талдау | Желтоқсан | ҚР АКМ | Интернет-ресурста мемлекеттік органдар есептерінің талдау нәтижелерін жариялау |
| 21. | «Ашық үкіметті» енгізу туралы | Желтоқсан | ҚР АКМ | Интернет-ресурстаа жылдық есепті жариялау |

| р/с № | Іс-шаралардың атауы | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | жылдық есепті дайындау | | | |
| 22. | «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес ақпараттық технологияларды қолдану бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін сәйкестікке келтіру | Желтоқсан | ҚР АКМ | ҚР АКМ бұйрығы |
| 23. | «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына бағалау жүргізу | Желтоқсан | ҚР АКМ | Мемлекеттік органдар үшін ұсынымдар |
| | **Ақпараттық жұмыс** | | | |
| 24. | БАҚ-та ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін Парламент Мәжілісінің депутаттары және ҮЕҰ қатарынан спикерлерді анықтау | Қараша | ҚР АКМ, серіктестік ҮЕҰ | Спикерлердің тізімі |
| 25. | «Ашық үкіметті» енгізу бойынша жұмыстардың шеңберінде өткізілетін іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жоспарын бекіту | Қараша | ҚР АКМ | Медиа-жоспар |
| 26. | Заңды іске асыру бойынша жұмыс шеңберінде өткізілетін іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жоспарын іске асыру жөніндегі ұйымдастырушылық жұмыстар | Тұрақты | ҚР АКМ, ОМО, ЖАО, серіктестік ҮЕҰ | Осы жоспардың 20-23-тармақтарын іске асыру қорытындылары бойынша ақпаратты ПМК-ге ұсыну |
| 27. | Әлеуметтік желілерде «Ашық үкімет» аккаунттарын құру және «Ашық үкіметті» енгізу бойынша жұмыс | Қараша | ҚР АКМ, ОМО, ЖАО, серіктестік ҮЕҰ | Осы жоспардың 20-23-тармақтарын іске асыру қорытындылары бойынша ақпаратты ПМК-ге ұсыну |

| р/с № | Іс-шаралардың атауы | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | шеңберінде өткізілетін іс-шаралардың негізгі қатысушылары қатарынан жазылушылардың желісін кеңейту. | | | |

**Аббревиатуралардың толық жазылуы:**
ОМО - Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары
ЖАО - Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары
ПМК - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі
ҚР АКМ - Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар
«ҰАТ» АҚ - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары